

М.М. Келсінбек

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Өнертану магистрі, Алматы, Қазақстан
email: moldir_18-95@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СУРЕТШІЛЕРДІҢ НАТЮРМОРТ ЖАНРЫНДА ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАРДЫ КӨРКЕМДЕУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада натюрморт жанрында жазылған қазақ суретшілерінің картиналарын мысалға ала отырып, Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі ұлттық ерекшеліктері зерттеледі.

Картиналарды талдау барысында қазақ халқының мәдениетін дамытудағы бейнелеу өнеріндегі натюрморт жанрының маңызды рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Дәл осы жанрда алғаш рет кескіндемедегі ұлттық құндылықтарды ұғынуға, өнерде ұлттық ерекшеліктердің жаңа түрлерін беруге талпыныс пайда болады. Автор натюрморт композицияларын құру кезінде және оның мағыналық толықтырылуында ұлттық тұрмыс заттары мен ою-өрнектер сияқты элементтерді пайдаланудың ерекшеліктерін атап өтеді. Суретшілердің суреттерін формальды және семантикалық талдау негізінде А. Ғалымбаева, С.Рахимов, Бахтеев А., Т.Тоғысбаев, Г. Мұхтарова, А. Есдаулетов, А.Абжанова натюрморттарындағы ұлттық проблемаларды түсінудегі жалпы ерекшеліктері және тәсілдердегі мағыналық айырмашылықтары анықталды.

Натюрморттағы ұлттық модельдерді кеңістіктегі көрінісін және де формаға байланысты екі түрге бөліп қарастырған. Бірінші жағдайда ұлттық тұрмыс заттары суретте артқы фонды немесе матаның шамалы елеусіз бөлшегін толтыру ретінде пайда болады. Екінші жағдайда, ұлттық нақыштағы заттар әлемі алдыңғы планға шығарылып, матаның композициялық және мағыналық құрылысын айқындай отырып, натюрморттың маңызды бөлігіне айналады. Кескіндемешілер заттардың арқасында қазақ тұрмысының рухын көрсетуге тырысты, бұл олардың ұлттық өнерді іздеу ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Натюрморттың әрбір элементі терең философиялық мәнге ие, мысалы картиналарда түстік үйлесімі арқылы философиялық ерекшеліктер қарастырылады. Қазақ суретшілерінің суреттерін талдау арқылы қазақ халқының мәдениетін дамытудағы натюрморттың және бейнелеу өнеріндегі ұлттық мәселелерді шешуде үлкен рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: натюрморт, штрих, аллегория, архетип, семиотика, композиция

Кіріспе. Қазіргі таңда еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ұлттық құндылықтарымызды, оның ішінде рухани мұраларымызды қайта өркендету мен жаңғырту қолға алынып отырған шақта, одан қоғамдық өмірдің әрбір саласы мен әлеуметтік институттарымыз да тыс қалмақ емес. Ол кезең-кезеңмен толассыз іске асып отырған объективті және қажетті сұранып тұрған игілікті беталыс. Бастапқы тәуелсіздік алған жылдары тәуелсіздік рухы жырланса, одан кейін ұлттық идеяны жандандыру, яғни, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді, тіліміз бен ділімізде өрістетуге, ал бүгінгі таңда Н.Ә. Елбасының сындарлы саясатымен ұлттық генетикалық код пен халқымыздың рухани жаңғыру саясаты жүргізіліп отыр [1,1-266.].

Осы орайда, отандық бейнелеу өнеріндегі ұлттық идея көріністерін зерттеу де қолға алынып, өнер теориясымен шұғылданушы отандық ғалымдарымыз өздерінің ізденістерін жүзеге асырып отыр. Сондықтан да біз қарастырып отырған мәселе, бүгінгі күнгі заман талабынан туындайтын, қоғамымыздың рухани сұраныстарының арналарының бірін қанағаттандыруға қарай бет түзейтін маңызды мәселелердің бірі деуімізге болады. Өйткені, бейнелеу өнерінің барлық салалары мен бағыттары сияқты натюрморт жанрында да ұлттық идея мен ұлттық рух кезең-кезеңмен үздіксіз көрініс тауып отырды.

Осы тұста, алдымен, «натюрморт жанры дегеніміз не, оның басқалардан қандай айрықша белгілері бар» деген сауалға қысқаша тоқталып, негізгі келбетін анықтап алуымыз қажет. Өнер теориясында натюрморт туралы әр түрлі анықтамалар мен түсіндірмелер берілгенмен, өнертанушылар натюрморт туралы жалпы ортақ пікірлерді қуаттайды.

«Натюрморт – бейнелеу өнері жанрының бірі; қоршаған ортадағы бір құрылымға топтастырылған түрлі тұрмыстық заттар мен жеміс-жидектерді, өсімдіктер, тағамдарды бейнелеу» [2,601-602бб.].

Натюрморт –шынайы тұрмыстық өмірдегі адамдарды қоршаған заттарды композициялық ұйымдасқан бір топқа жинақтап көрсететін бейнелеу өнерінің жанры. Жансыз заттарды (мысалы, үй тұрмысына қажетті заттар),натюрмортта табиғи байланыстардан оқшауланған тірі табиғат та бейнеленеді және затқа бағытталады – үстелдегі балық, букеттегі гүл т.б. Натюрморт символдық мазмұнды сирек бейнелейтін қызметіне қарамастан, заттар өз бетінше көркемдік мағынаға ие болады, ол декоративтік мақсаттарды шешуге және заттарды дәл бекітуге ұмтылады [3].

В. В. Калмыкова мен А. Ю. Астахов натюрморттың түрлерін былайша ажарытқан болатын: гүлдер мен жеміс-жидектер; базар мен лавкалар; аң аулау, ет лавкалары; таңғы ас; музыкалық инструменттер; ғалымдық натюрморт; алдамшы немесе троплей [4,47-54бб.].

Осындай сипаттамалар мен түсіндірмелерге сүйеніп, оған былайша анықтама ұсынуымызға болады: «Натюрморт» адамдар жасаған екінші табиғатты, оның ішінде тұрмыстық бұйымдарды әр түрлі фондарды қатыстыра отыра бейнелейтін, динамика мен рәміздерге, аллегорияларға, тұспалдауларға бара бермейтін шындықтың реалды көрінісін сипаттайтын бейнелеу өнерінің ерекше бір жұмсақ, тыныштық пен жайбарақаттылық сезімін туғызатын жанры.

«Қызықты оқиғаны иеленбесе де, батырлар мен құдайлар әрекетімен жабдықталмаса да, натюрморт адам сезімінің аясына енудің ерекше қабілетін иемденді. Ол автордың рухани әлемін бейнелейді және материалдық әлемнің сезімдік түйсіктерін тасымалдайды, тек адамның көру түйсігіне ғана емес, бейнелеу өнеріне қолжетімді бола бермейтін иіс, дәм, есту түйсіктеріне де әсер етеді. Сондықтан көптеген өнертанушылар оны «өлі натура» деп емес, «Тыныш өмір» деп атағанды қалайды», -деп натюрмортқа берілген сипаттамалар [5,4б.] оның тек сыртқы ғана емес, ішкі рухын тұтастай паш етіп отыр.

Ендеше, оның мынадай негізгі ерекшеліктерін жинақтап ұсына аламыз: адамға ерекше тыныштық, жайбарақаттылық сезімін тудырады, динамика кездесе бермейді, объект қозғалыссыз болады, тұрмыстық заттар бейнеленеді, сюжет өрбімейді, объект негізгі жазықта көрініс табады және айқын бейнеленеді, модернистік немесе постмодернистік стильдер сирек кездеседі, яғни, классика назардан тыс қалмайды, табиғат сұлулығын емес, тұрмыстық заттар сұлулығы мен үйлесімділігін көркемдеуге баса назар аударады, адамның барлық түйсіктеріне әсер етеді т.б.

Әдістер. Ендеше, біз, натюрморт жанрындағы отандық суретшілердің қолтаңбаларында ұлттық нақыштардың көрініс табуының өзіндік ерекшеліктерін былайша жинақтап көрсетуімізге болады. Еліміздегі натюрморт жанрындаму эволюциясы бойынша, шартты түрде екі кезең бойынша ажыратып алғанды жөн көрдік.

1. Қазақстанда кәсіби бейнелеу өнері пайда болғаннан бастап, тәуелсіздік алғанға дейінгі кезең (1950-1991 жж). Әрине, бұл жанрда ұлттық идеяның нақышталуы тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қалыптасты деген пікір туындамауы тиіс. Ол Кеңестік

дәуірден, яғни, Қазақстанда кәсіби бейнелеу өнері, демек, классикалық өнер, маманданған суретшілер мектебі қалыптаса бастағаннан-ақ көрініс тауып отырған композиция. Бұл кезеңдегі өзіндік ерекшелік кейбір натюрморттардың композициясында заманның талабы мен ықпалына сай, Кеңестік идеологияның іздері мен элементтерінің байқалуы, штрихтар мен қолтаңбалардан осы идеологияның фонда немесе негізгі объектіде аздап болса да қылаң беріп отыруы: қызыл бояулар, өндірістер т.б. Дегенмен, бұндай көріністер басқа жанрларға қарағанда натюрмортта сиректеу және елеусіздей мазмұнда түсірілді. Мәселен, Т.Тоғысбаевтың «Қызыл фондағы натюрмортты» [1-сурет]. Бұны натюрморттың классикалық кезеңі деп атауға болады.



1-сурет


Т.Тоғысбаев (1940-1996). Қызыл фондағы натюрморт .1967. к.,м.б

2.Тәуелсіздік алғаннан бастап, бүгінгі күнге дейінгі кезең (1991 жылдан қазіргі кезеңге дейін). Бұл кезеңде отандық қылқалам шеберлерінатюрмортты ұлттық рухта бейнелеуге айрықша назар аудара бастады, суретшілеріміздің ішкі сезімі еркіндік алып, халқымыздың дүниетанымын көркемдік түрде беруге ұмтылыстар жиілей түсті. Кеңестік идеологиядан азат болған өнер иелерінің ұлттық рухы қайта жанданып, олар натюрморт жанрында да ұлттық ерекшеліктерді бейнелеудің жаңа персонаждарын тудыра бастады.Бұны натюрморттың «классикадағы ұлттық модельдер» кезеңі деп атауымызға болады.Б.Ақанаеваның «Күміс натюрмортты» (2003), А.Жансейітова «Натюрмортты» (2003) т.б.

Нәтижелер.

Сонымен қатар, натюрморттағы ұлттық нақыштардың көрініс табуын жазықтықта бейнеленуі мен көлемді айшықталуы бойынша да екі түрде бөліп қарастырдық. Біріншісі, ұлттық штрихтардың астарлы, аллегориялық, рәмізді түрде немесе елеусіз фондарда ғана бейнеленуі.

Мәселен, Есдәулетов Асқардың алма мен алмұрт бейнеленген натюрмортты үш өлшемді жазықтыққа құрылған. Біріншісі, негізгі объект –алма мен алмұрттар, одан соң фон ретінде нақышталған қала көрінісі, үшіншісі таулар. Бұндағы натюрморт қала мен дала табиғатын біріктіріп, тағамдар (алма мен алмұрт) арқылы екеуінің байланысын паш етуге арналған. Көріністегі таулар – қазақ даласын бейнелейтін пейзаждардың элементі, демек, бұнда да ұлттық рухтың елесі көмескіленген, астыртын түрде болса да, ішкі ұлттық сезімдерді оята алады.



2 -сурет



3-сурет

Ғ. Мұхтарованың натюрмортында бейнеленген дастархандағы самаурын ұлтымызда қолданылатын тұрмыстық бұйым болып саналады. Әрине, бұл дастархандағы жалпы бұйымдар есебінде түсірілген. Ал А. Ғаламбаеваның «Ыдыстар мен жеміс жидектер» [2-сурет] деп аталатын еңбегінде ұлттық оюлар шай ішетін шайнек пен кеселердегі оюлардан байқалады. Басқа объектілер баршаға ортақ классикалық кейпінен айнымаған.

Екіншісі, натюрморттағы ұлттық нақыштардың анық, айшықты және мақсат қою отыра, негізгі объектіге шығарылуы, қолтаңбада басым бағыт алуы. Мәселен, Айша Ғаламбаеваның «Дастархан» (1959) [3-сурет] атты туындысы Кеңестік идеологияның рухани салаға, өнерге, оның ішінде бейнелеу өнеріне де ықпал етуіне қарамастан, ұлттық идеяға негізделген. Негізгі композиция мен фон тұтастай алғанда, ұлттық рухта құрылған. Еңбек үш өлшемді қамтығандықтан, автор қазақ дастарханын бейнелеуде күрделі құрылым жасай білген: ұлттық тағамдар, өрнектелген ыдыстар, ұлттық ою-өрнектер бейнеленген тұрмыстық бұйымдар өзара үйлесімділік тауып, композицияның шешімін дәл айқындап тұр. Ыдыстарға толтырыла салынған тағамдар қазақ дастарханындағы молшылықты сипаттайды, бірақ белгілі бір нақты уақыт пен кезең бейнеленбейді, ұлттық тағамдарды бейнелеудің колориті мен реализмі адам тәбетін шақырып тұрғандай. Фонда бейнеленген рәміздік кескіндер де контраст ретінде қызыл қоңыр бояулармен көмкерілгенмен, ұлттық нақыштардың астыртын көріністерін айшықтауға құрылған.

Ал оның «Көне керамика» (1966) [4-сурет] деп аталған еңбегі де қазақы тұрмыс-тіршілік, оның ішінде тек қана ұлттық нақыштағы ыдыстардың бейнеленуі картинаның тұтас композициясын қамтып жатыр. Шығармада екі кезең бейнеленген: қазақы ою-өрнекті жер және оған орналастырылған бұйымдар. Бұл бұйымдар тым көне дәуірдегі түркілік дүниетанымның келбетін көз алдымызға алып келеді. Объект барынша күрделі болғандықтан, белгілі бір деңгейде тарихи-философиялық танымды керек етеді.



4-сурет

А.Ғалымбаева «Дастархан» К., м.б 1959

5-сурет

А.Ғалымбаева «Көне

керамика» К., м.б. 1966

Композициядағы кеңістіктің құрылымы да диахронды, әрі қарай ұмтылған сайын ыдыстардың көнелене түсуі байқалады, демек, туындыдағы кеңістік тарихымыздағы уақытпен үндескен. Мәселен, ең арғы шетте тұрған құмыра – қою қоңыр түсі арқылы тым көне дәуірді елестетеді, тіпті ыдыстар әлі оюланбаған кезеңнің рухын паш етіп тұрғандай, әрі ол ашық түстермен жабдықталған тұтас композицияға контраст үшін алынған.

Ал одан бергі кеңістікте орналасқан тарелкалардағы нақыштар бізге айқынсыздау мифологиялық дәуірдің кескіндерін бейнелеуге құрылған болса, қошқар мүйізбен көмкерілген картинаның горизонтальді кеңістігі кейінгі кезеңнің көркемдік дүниетанымын айғақтайды. Бұндай ою-өрнектер қазіргі біздің кезеңге дейін келіп жеткен ұлттық нақыштар.

«Көне керамика» натюрморты жұмсақ... Фонда бірнеше шығыстық ыдыстар бейнеленген – алқызыл, ашық көк, ашық сұрғылт, көк құмырашалар, қара құмыра. Бұлардың барлығы ұқышты және сүйкімді түрде ұсынылған. Бұл жерден халықтық өнер, ұлттық тарих пен мәдениеттегі білім анық байқалады», - деп сипатталған түсіндірмелер де [6,20б.] бұл туындының әсемдігін бағалаудан туған.

Натюрморттағы ұлттық бейнелердің нақышталуын композицияның күрделілігіне қарай да екіге бөліп қарастыруымызға болады. Біріншісі, тұрмыстық заттардың сол қалпында, қарапайым-күнделіктілік стилінде және терең мазмұнды қамтуға ұмтылмайтындай болып бейнеленуі. Екіншісі, тұрмыстық заттардың нақышталуы терең ұлттық дүниетаным астарларын қамтып, композиция барынша күрделене түседі, картинаның астарында философиялық ойлар жатады, өзіндік эстетикалық көріністі сипаттау белгілі бір деңгейдегі тарихи білім мен ұлттық ділді меңгеруді қажет етеді.

Мәселен, С. Романовтың «Күзгі натюрморт» атты туындысы, Ғ. Мұхтарованың натюрморты, А. Ғаламбаеваның «Қызыл шайнек» (1976), «Сары гүлдер» (1968), Айва (1966) т.б. бірінші түрге жатса, жоғарыда атап өтілген, А. Ғаламбаеваның «Көне керамика» (1966), «Дастархан» (1959), Бахтеев Анвардың «Күздің исі», А. Абжанованың «Қымыз» т.б. туындыларын екіншісіне жатқызуымызға болады.

С. Романовтың «Күзгі натюрморт» (1988) [5-сурет] еңбегі примитивизм қағидасын басшылыққа алады. Кеседегі көк түс пен ондағы оюлар ұлттық ренді жамайды. Кеңістік ашық және көгілдір мен қара түстер арқылы екіге айырылған, автор алмұрт пен алма арқылы өз ойын былайша жинақтайды: ыдысқа орналастырылмаған жеміс-жидектер дала табиғатын береді, ыдыстағылары адам мәдениетін айшықтайды, локальді және ахроматикалық түстер қарапайым тұрмыстың шындығын айғақтайды т.б.



6-сурет

С.Романовтың «Күзгі натюрморт» (1988) К.,м.б (2009)К., Акрил



7-сурет

А.Абжанова «Қымыз»

А. Абжанованың «Қымыз» [6-сурет] атты туындысы тек сезімдік-көркемдік шығарма ғана емес, терең астарлы эстетикалық-философиялық мағына жамайтын еңбек деуге болады. Картинаның композициясы тұтасынан алғанда, ұлттық тағамдардың рәмізін беретін ашық ансамбльді құрайды, қызғылт, қызғылт сары жән көк түстермен көмкерілген бейне бір қарағанда қарапайым болғанмен, ұлттық рухты астарлы түрде бейнелеп отыр. Құмыра, шайнек т.б. бұйымдардың жиынтық бейнесі мен торсықтың көрініс табуы отбасылық үйлесімділік ыңғайын танытады, жанұядағы ер мен әйелдің бірлігін нақыштайды. Бұл тұста, философтардың мынадай идеяларына сүйенеміз: «Мәселен, құмыра, шәугім сияқты бұйымдар әйел затына тән болғандықтан, оның сыртқы пішініне ұқсатылған болса, торсық ер адамның жолсапар сәтінде пайдаланатын ыдысы болғандықтан, ол ер адамның сыртқы мүсінінің қайраткерлігін бейнелеуге арналады» [7,130б.].

Талқылау.

Ал аспан түстес көк рендердің бедерленуі Қ. Оразқұлова атап өткендей [8,42-66бб.], бейнелеу өнеріндегі архетиптердің көрінісі. Осы архетип бұл картинадағы ұлттық рухты оята алады. Қазақы оюлар, ыдыс толы қымыз бен ожау, торсық пен кесе т.б. құралдардың көрініс табуы нәзік, жұмсақ және жағымды бояулармен әрленген. Фонның өзі қазақ даласы,

түс мезгілі, тыныштық пен жайбарақат тұрмыс қалпынан хабар береді де, молшылық пен игіліктілікті сипаттайды, қымыз адалдық пен ізгі ниеттің рухын паш ете алады. Палитра аса күрделі болмаса да, автор бұл шығармада өз ойларын толықтай жеткізген. Бұндағы геометризм қазақ даласындағы ашықтық пен мінез-құлыққа тән аңғалдықты сездірте алады. Шығармада уақыт мерзімі анық емес, дегенмен, автор заманауи элементтерді кірістірмейді, мыңдаған жылдар бойғы түркі-қазақ халқының тарихын дәстүрлі ұлттық тағамдар мен ыдыстары арқылы өз іншісіне сіңіреді, бұндағы эстетикалық нышан көнелік пен қазіргінің үйлесімділін паш етеді. Уақыт сынына төтеп берген ыдыстар қою қызыл штрихтар арқылы көне тарихтан үн қатқандай болады. Ал дастарханның замандық нұсқасы салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыздың бүгінгі күнге дейін жалғасқындығының куәсі іспеттес.

Картинаны тұтастай алып, вертикальді түрде қарастырғанда, сол жақ жазықтықтағы шайнек пен кесе, оң жақтағы торсық пен қымыз толы ыдыстың еркін симметриясы, кесенің көлбеу орналасуы көшпенділер еркіндігін астарлы және бейсаналы, архетиптік түрде паш етіп тұрғандай болады.

А. Бахтеевтің «Күздің исі» атты туындысы да бір қарағанда қарапайым сияқты болғанмен, композиция натюрморт үшін барынша күрделі, автордың бұндағы негізі ойы – көне түркі даласының рухын әйгілеуінде жатыр. Қолжетімді құралдар арқылы, тұрмыстық бұйымдар бойынша, ол көне дәуірлерден сақталған шығыстық дәстүрлер мен байырғы түркілік нақыштарды негізгі объектіге шығарады, жардағы өрнектелген матада үстелдегі ыдыстар мен жеміс-жидектердің сәнін айшықтау үшін бояулардың үндестігі пайдаланылған. Вертикальді және горизонтальді кеңістікті пайдалану композицияның нәтижесін былайша шешіп бергендей: ықшамдалғандық, хаос пен жүйенің біріңғайлылығы, тар кеңістік пен кең ойды білдіру т.б.



Бахтеев Анвар «Күздің исі»(2015) К.,м.б

Пейзаж, тарихи, тұрмыстық, портрет жанрындағы ұлттық нақыштардың көрінісі табуы арнайы мақсат қоя жұмылдырылған болса, натюрморттағы ұлттық реңдер сезім мен интуиция арқылы көрініс табады. Бұндағы негізгі идеялар натюрморттың жайбарақаттылық пен тыныштық, кеңістіктің тұрақтылығы арқылы ойлылық сезімін паш етеді. Осы тұста мына пікірге сүйенген дұрыс: «Мәдениеттанудағы психоаналитикалық тәсіл — З. Фрейдтің классикалық психоанализінен туындаған мәдени мәтіндерді талдаудың ерекше тәсілі... Мотивтік талдау З. Фрейдтің «неғұрлым еркін ассоциациялар болған сайын, олар соғұрлым сенімдірек» деген қағидасына сүйенетін кез келген семиотикалық объекті мен көркемдік мәтінге әр түрлі тұрғыдан келудің бағыты болып табылады»[9,87].

Шындығында да, натюрмортта суретші барынша еркін, ойын қиналмай-ақ жеткізе алады, түпкі терең мақсат пен сюжетті тыс қалдырады, сондықтан, ондағы ұлттық нақыштар кейде ерікті-еріксіз түрде де өрнектеледі. Мәселен, батыс еуропа суретшілерінің натюрморттарында да, еуропалық мәдениет пен этикет үнемі қылаң беріп отырады.

Қорытынды.

Қорыта айтқанда, отандық суретшілердің натюрморттарындағы ұлттық нақыштардың бейнеленуінің өзіндік ерекшеліктерін былайша жинақтап беруімізге болады. Біріншіден,

ұлттық рәміздерді боялар арқылы түсіруде суретшілер зайырлылық пен еркін ойды басшылыққа алғандықтан, бұнда діни, әсіресе, исламдық бейнелер кездесе бермейді. Ал еуропалық натюрморттарда шіркеудің ішкі дизайны, христиандық рәміздер қылаң береді. Демек, отандық суретшілер ғылым мен дінді, мемлекеттік саясат пен дінді ажыратқан секуляристік бағытты қолдайды, бейнелеу өнері мен дінді де ажыратады.

Екіншіден, натюрморт жанрында қазақстандық суретшілер ұлттық рендерді әркілы және еркін бейнелейді. Үшіншіден, олар қазақтардың қонақжайлылық, бейбітшілік сүйгіштік сияқты жағымды мінез-құлықтарын қамтиды және өздерінің қолтаңбалары арқылы қазақ суретшілері екендігін паш ете алады. Дегенмен, жергілікті халық емес, басқа ұлт өкілдері болып табылатын отандық суретшілер ұлттық бейнелерді өздерінің еңбектеріне кірістірмейді немесе ол туралы жазғысы келмейді деген пікір туындамауы тиіс. Мәселен, Б. Пактың «Торсық» атты тамаша туындысы елімізде де, әлемде де жоғары бағаға ие болған. Төртіншіден, «алдамшы-натюрморт», декаденттік т.б. ұлттық дүниетанымызға сай келмейтін стильдер кездесе бермейді.

М.М. Келсинбек

Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова,
Магистр искусствоведения, Алматы, Казахстан
E-mail: moldir_18-95@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТВОРЧЕСТВА КАЗАХСТАНСКИХ ХУДОЖНИКОВ В ЖАНРЕ НАТЮРМОРТА

Аннотация. В данной статье выявляются национальные особенности изобразительного искусства Казахстана на примере исследования картин казахских художников, созданных в жанре натюрморта.

Пристальное изучение живописи предметов позволяет уяснить значение этого жанра изобразительного искусства для развития культурных парадигм в целом. Именно в казахском натюрморте впервые возникает интерес к художественному осмыслению национальных ценностей, и делаются первые шаги для передачи национальных черт в новых видах искусства.

Автор раскрывает особенности использования таких элементов, как предметы национального быта и орнамент при построении композиции натюрмортов и их смысловом наполнении на различных временных отрезках: в советское время и период независимости. На основе формального и семантического анализа картин художников А.Галимбаевой, С.Рахимова, А.Бахтеева, Т.Тогусбаева, Г.Мухтаровой, А.Есдаулетова, А.Абжановой выявлены общие черты в понимании проблемы национального в натюрморте и сущностные различия в стилистических подходах.

Отражение национальных моделей в натюрморте также разделено на два типа, как в отношении пространственных планов, так и в связи с формотворчеством. В первом случае, предметы национального быта появляются на картине в качестве заполнения заднего фона или незначительной детали декора. Во втором, национальные артефакты уже выдвигаются на первый план и становятся значимыми героями натюрморта, определяя весь композиционный и смысловой строй полотна. Живописцы благодаря предметам стремились отразить дух казахского быта, его главные черты и особенности. Каждый элемент натюрморта имеет глубокое философское значение, например, в картинах выбор доминанты колорита определяется особенностями мировидения мастеров, их позиции по отношению к миру и роли личности в нем.

Анализ картин казахских живописцев позволяет выявить важную роль натюрморта в развитии культуры казахского народа и решении проблематики национального в изобразительном искусстве.

Ключевые слова: натюрморт, штрих, аллегория, архетип, семиотика, композиция

M.M. Kelsinbek
M. O. Auezov Institute of literature and Art,
Master in Art, Almaty, Kazakhstan
E-mail: moldir_18-95@mail.ru

PECULIARITIES OF DEPICTING NATIONAL PATTERNS BY KAZAKH ARTISTS IN THE GENRE OF STILL LIFE

Abstract. This article reveals the national features of the fine arts of Kazakhstan on the basis of study of paintings by Kazakh artists created in the genre of still life.

A thorough study of the painting of objects makes it possible to understand the importance of this genre of fine art for the development of cultural paradigms in general. It is in the Kazakh still life in which for the first time an interest in the artistic understanding of national values arose, and the first steps are taken to transfer national features in new types of art.

The author reveals the features of the use of such elements as objects of national life and ornament in the construction of the composition of still life and their semantic content in different time periods: in Soviet times and the period of independence. On the basis of formal and semantic analysis of paintings by A. Galimbayeva, S. Rakhimov, A. Bakhteev, T. Togusbayev, G. Mukhtarova, A. Esdauletov, A. Abzhanova identified common features in the understanding of the national problem in still life and essential differences in stylistic approaches.

The reflection of national models in still life is also divided into two types, both in relation to spatial plans and in relation to form-making. In the first case, the objects of national life appear in the picture as filling the background or a minor detail of the decor. In the second, national artifacts are already put forward to the fore and become significant heroes of still life, defining the entire composition and semantic structure of the canvas. Painters sought to reflect the spirit of Kazakh life, its main features and peculiarities thanks to the objects. Each element of still life has a deep philosophical significance, for example, in the paintings the choice of the dominant color is determined by the peculiarities of the masters' worldview, their position in relation to the world and the role of the individual in it.

Analysis of paintings by Kazakh painters reveals the important role of still life in the development of culture of the Kazakh people and the solution of national problems in the fine arts sphere.

Key- words: still- life, stroke, allegory, archetype, semiotics, composition

Information about authors:

M.M. Kelsinbek, M.O. Auezov атындағы Әдебиет және өнер институты, Өнертану магистрі, Алматы, Қазақстан. email: moldir_18-95@mail.ru

ӘДЕБИЕТ

- [1]. Назарбаев Н. (2017). Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 26 сәуір (қаз)
- [2]. Қазақ мәдениеті. (2005). Аруна, Қазақстан Энциклопедиялық анықтамалық (орыс)
- [3]. Уикипедия. ашық энциклопедиясы. (2017). <https://ru.wikipedia.org/Натюрморт> (орыс)
- [4]. Калмыкова В.В., Астахов А. (2011). Ю.Натюрморт.-М. Ақ қала, -2040 б.(орыс)
- [5]. Голованова А.Е. Әлемдік кескіндемедегі натюрморт.-М. Ақ қала.-303б. (орыс)
- [6]. Ғалымбаева Айша. (1981). Өнер, Қазақстан Қазақстан бейнелеу өнерлерінің шеберлері. Альбом (Текст атворы және құрастырған И.А. Рыбакова). -106 б.(орыс)
- [7]. Нұрышева Г., Аташ Б. (2016). Ғылыми таным философиясы.-Алматы: Қазақстан, 328б. (қаз)
- [8]. Оразқұлова Қ.С. (2010). Қазақстан суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана философиясы. Филос.ғыл.канд.дисс.-123б. ISBN 978-601-7204-19-8 (қаз)
- [9]. Мәдени зерттеулер. (2001). Қысқа пәндік сөздік.-Ростов Н/Д: “Феникс” -157 б. (орыс)
- [10]. Қазақ өнерінің тарихы III том. (2009). Алматы: Өнер.- 480 б.(қаз)
- [11]. Әлемдік өнер процесі контексіндегі Қазақстанның бейнелеу өнері. (2017). Алматы, - 312с. (орыс)
- [12]. Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі өнер синтезі. (2017). Алматы, - 328с. (орыс)

ЛИТЕРАТУРА

- [1]. Назарбаев Н. (2017). Путь в будущее: духовное возрождение // Егемен Қазақстан. 26 апрель.
- [2]. Казахская культура. (2005). Аруна, Казахстан Энциклопедический справочник.
- [3]. Википедии, свободная энциклопедия (2017). <https://ru.wikipedia.org/Натюрморт> (рус).
- [4]. Калмыкова В.В., Астахов А. Ю. (2011). Натюрморт.-М.:Белый город -2040 с. ISBN: 978-5-7793-2276-8
- [5]. Голованова А.Е. Натюрморт в мировой живописи.-М.: Белый город.-303с.
- [6]. Галымбаева Айша. (1981). Искусство, Казахстан Мастера изобразительного искусства Казахстана. Альбом (Текст написан и разработан И.А. Рыбаковой). -106 с.
- [7]. Нурышева Г., Аташ Б. (2016). КазНУ, Казахстан Философия научного познания.-328с.
- [8]. Оразкулова К.С. (2010). Архетипический образ и коллективная сознательная философия в искусстве казахстанских художников. Канд. филос. наук. дисс.-123б. ISBN 978-601-7204-19-8
- [9]. Культурология. (2001). -Ростов Н/Д: "Феникс", Краткий тематический словарь -157 с
- [10]. История казахского искусства. III том. (2009). Алматы: Искусство.- 480 с. (каз)
- [11]. Изобразительное искусство Казахстана в контексте мирового художественного процесса. (2017). Алматы, - 312с. (рус)
- [12]. Синтез искусств в изобразительном искусстве Казахстана. (2017). Алматы, - 328с. (рус)

REFERENCES

- [1]. N. Nazarbayev's (2017). Way to the future: spiritual revival // Egegen Kazakhstan. April 26.
- [2]. Kazakh culture. (2005). Aruna, Kazakhstan Encyclopedic reference book.
- [3]. Wikipedia, the free encyclopedia. <https://ru.wikipedia.org/Натюрморт>
- [4]. Kalmykov V. V., Astakhov A. (2011). -2040 P Yu. Still Life.-Moscow:White city.
- [5]. Golovanova A. E. still life in the world of painting.-M.: White city.-303p.
- [6]. Aisha Galimbayeva. (1981). Masters of fine arts of Kazakhstan. Album (the text is written and designed by I. A. Rybakova).-Almaty: Art, -106 p.
- [7]. Nuryшева G., Atash B. (2016). Philosophy of scientific knowledge .-Almaty: KazNU, -328p.
- [8]. Orazkulova K. S. (2010). -Archetypal image of the collective conscious and philosophy in the art of Kazakhstan artists. cand. philos. sciences'. diss. 123p. ISBN 978-601-7204-19-8
- [9]. Culturology. (2001). -Rostov N/A: Phoenix Short thematic dictionary. -157 p.
- [10]. The history of Kazakh art. III volume (2009). Almaty: Art. - 480 p. (kaz)
- [11]. Fine art of Kazakhstan in the context of the global art process. (2017). Almaty, - 312s. (rus)
- [12]. Synthesis of arts in the fine arts of Kazakhstan. (2017). Almaty - 328s. (rus)